



Мазмұны

1-бап. Жалпы ережелер мен ұғымдар.....	1
2-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы.....	2
3-бап. Сақтандыру объектісі.....	3
4-бап. Сақтандыру жағдайлары (тәуекелдер).....	3
5-бап. Сақтандыру жағдайларынан шығарып алулар және сақтандыруды шектеу.....	4
6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі.....	5
7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы.....	5
8-бап. Франшиза.....	5
9-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі.....	5
10-бап. Қосарлы сақтандыру.....	7
11-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны.....	7
12-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	8
13-бап. Сақтандыру шарты қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің артуының салдары.....	10
14-бап. Сақтандыру жағдайы басталғандағы Сақтанушының іс-қимылдары.....	10
15-бап. Сақтандыру жағдайының басталуын және зиянның мөлшерін растайтын құжаттар тізбесі.....	11
16-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары.....	11
17-бап. Сақтандыру төлемі туралы немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі.....	12
18-бап. Сақтандырушыға Сақтанушының зиянды өтему бойынша құқықтарының ауысуы (суброгация).....	13
19-бап. Сақтандыру шартын тоқтату шарттары.....	13
20-бап. Қосымша шарттар.....	14
21. Даулар шешу тәртібі.....	16

1-бап. Жалпы ережелер мен ұғымдар

1. Осы Ережелердің шарттары негізінде «Евразия Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы, бұдан әрі Сақтандырушы деп аталатын, меншік құқығын жоғалту нәтижесінде мүлікті жоғалтуды сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасасады.

2. Сақтандыру шарттары жылжымалы және жылжымайтын мүлікті меншік құқығымен иеленетін немесе мүлікті меншік құқығымен сатып алмақшы болатын жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) және заңды тұлғалармен (меншік нысандарына қарамастан) жасалады. Аталған тұлғалар бұдан әрі «Сақтанушы» деп аталады.

3. Осы Ережелерде мынадай ұғымдар қолданылады:

Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) – Сақтандырушы бір жақты тәртіппен әзірлеген үлгілік шарттарға (осы Сақтандыру ережелеріне) Сақтанушының қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беру туралы шарт. Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (Сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (Сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталғанда Сақтандыру шартымен айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде Сақтанушыға немесе Сақтандыру шарты жасалатын өзге тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.

Сақтандырылған мүлік – осы Ережелерге сәйкес меншік құқығын жоғалту нәтижесінде жоғалу тәуекелінен сақтандырылған жылжымалы немесе жылжымайтын мүлік.

Сақтандырылған тұлға – қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға.

Меншік құқығы – субъектінің заңнамалық актілермен танылатын және қорғалатын, өзіне тиесілі мүлікті өз қалауы бойынша иелену, пайдалану және билік ету құқығы. Меншік иесіне өз мүлкін иелену, пайдалану және билік ету құқықтары тиесілі болады.

Иелену құқығы – мүлікке нақты иелік етуді жүзеге асырудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

Пайдалану құқығы – мүліктің пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі. Пайда табыс, өсім, жеміс, ұрпақ нысандарында және өзге де нысандарда болуы мүмкін.

Билік ету құқығы – мүліктің заңдық тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

Мүлікті жоғалту деп – Сақтанушының сақтандырылған мүлікті заңды негізде иелену, пайдалану және билік ету мүмкіндігінен айырылуы түсініледі.

Мүлікке меншік құқығынан айырылу деп – Сақтанушының сақтандырылған мүлікке меншік құқығының Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер бойынша тоқтатылуы түсініледі.

Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан тұлға.

Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталғанда Шартпен айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде Сақтанушыға немесе Шарт жасалатын өзге тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті тұлға.

Сақтандыру сомасы – Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенетін ақша сомасы. Сақтандыру сомасы сақтандыру қорғанысының мерзімі ішінде Сақтандырушының жауапкершілігінің жалпы лимиті болып табылады.

Сақтандыру жағдайы – Сақтандыру шартымен көзделген, ықтималдық пен кездейсоқтық белгілеріне ие оқиға, оның басталуымен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайды.

КЖ және ТҚ – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру.

2-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы

1. Сақтанушы – үшінші тұлғалармен жасалатын мәмілелерге қатысты Сақтандырушымен титулдық сақтандыру шарттарын жасасқан, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу (иелену/пайдалану) бойынша азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған заңды немесе әрекет қабілетті жеке тұлғалар, атап айтқанда:

- сатып алу-сату шарты;
- кепіл шарты;
- айырбастау шарты арқылы.

2. Сақтандыру шарты қолданылу кезеңінде Сақтанушы – заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде осы шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған тәртіппен тиісті құқық мирасқорына өтеді.

3. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы – жеке тұлғаның қайтыс болуы жағдайында осы сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған тәртіппен Сақтанушының мұрагерлеріне өтеді.

4. Сақтандырылған тұлға – қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға.

5. Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылған тұлға болып табылады.

6. Сақтанушы сақтандыру шартында үшінші тұлғаны сақтандырылған тұлға ретінде айқындай алады. Мұндай жағдайларда сақтандыру объектісі ретінде сақтандырылған тұлғаның мүліктік мүдделері болады.

7. Сақтандырылған тұлғаның пайдасына сақтандыру шартын жасасу Сақтанушыны сақтандыру шарты бойынша міндеттерін орындаудан босатпайды.

8. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандыру шартында көрсетілген Сақтандырылған тұлға болып табылмайтын Пайда алушыны Сақтандырушыны жазбаша хабардар ете отырып басқа тұлғамен ауыстыруға құқылы.

9. Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын заңды немесе жеке тұлға.

10. Сақтанушы сақтандыру шартын жасасу кезінде кез келген тұлғаны Пайда алушы ретінде тағайындауға құқылы.

11. Пайда алушы Сақтанушымен жасасқан келісімінен туындайтын Сақтандыру шарты бойынша белгілі міндеттерді орындағаннан немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап қойғаннан кейін басқа тұлғамен ауыстырылуы мүмкін емес.

3-бап. Сақтандыру объектісі

1. Осы Ережелер бойынша сақтандыру объектісі Сақтанушының иеліктен шығаруда талап ету бойынша, сондай-ақ соттың мүлікті сатып алу-сату мәмілесін жарамсыз деп тану туралы шешімімен байланысты меншік құқығын жоғалту нәтижесінде жылжымалы және жылжымайтын мүлікті жоғалту тәуекелімен байланысты мүліктік мүдделері болып табылады.

2. Осы Ережелер бойынша сақтандыру мыналарға қолданылмайды:

- қолма-қол ақша (оның ішінде шетел валютасы) және бағалы қағаздар;
- қолжазбалар, жоспарлар, сызбалар, жобалар, үлгілер, модельдер және өзге де құжаттар, компьютерлік жүйелердің техникалық ақпарат тасымалдаушылары, слайдтар, фотосуреттер, аудио- және бейнежазбалар;
- қымбат бағалы металдар мен тастар;
- өнер туындылары, картиналар, пошта маркалары, антиквариат заттары және т.с.с., олардан жасалған коллекциялар;
- діни культ заттары;
- үй жануарлары, құстар, бөлме өсімдіктері, аң-жануарлар, басқа жануарлар;
- көлік құралдарына арналған қосалқы бөлшектер мен жабдықтар.
-

4-бап. Сақтандыру жағдайлары (тәуекелдер)

1. Осы Ережелерге сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша заңды күшіне енген сот шешімі негізінде аталған мүлікке меншік құқығын жоғалту нәтижесінде жылжымалы және жылжымайтын мүлікті жоғалту тәуекелі сақтандырылады.

2. Осы Ережелерге сәйкес сақтандырылған мүлікке меншік құқығынан айырылу, мүлікті иеліктен шығару туралы не сатып алу-сату мәмілесін мына негіздер бойынша жарамсыз деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгені шартымен сақтандыру жағдайы болып табылады:

- 1) он төрт жасқа толған кәмелетке толмаған тұлғаның оны заңмен дербес жасауға құқылы мәмілелерден басқа, ата-анасының (асырап алушыларының) немесе қамқоршысының келісімінсіз мәміле жасасуы;
- 2) жан ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан сот тәртібімен іс-әрекет қабілетсіз деп танылған тұлғаның мәміле жасасуы;
- 3) сот тәртібімен іс-әрекет қабілеті шектелген тұлғаның мәміле жасасуы;
- 4) іс-әрекет қабілетті болса да мәміле жасасу кезінде өз іс-әрекеттерінің мәнін түсіне алмаған немесе оларды басқара алмаған күйде болған азаматтың мәміле жасасуы;
- 5) мәміле жасасуға жеткіліксіз өкілеттігі бар тұлғаның мәміле жасасуы;
- 6) қателік ықпалымен немесе ауыр мән-жайлардың тоғысуымен мәміле жасасуы;
- 7) ерлі-зайыптылардың бірінің келісімінсіз олардың ортақ мүлкімен мәміле жасасуы;
- 8) мәміле жасалғаннан кейін Шартта көрсетілмеген, меншік құқығы бар тұлғалардың пайда болуы: есепке алынбаған заң немесе өсиет бойынша мұрагерлер, асырауындағылар, қарт және кәмелетке толмаған азаматтар, әскерде қызмет атқаратын, бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар;
- 9) сенімхат бойынша пәтер сатылған жағдайда, тұрғын үй иесінің қайтыс болуы;
- 10) пәтерді сатушыға тиесілі емес сатылуы;
- 11) құжаттардың бұрмалануы, алмастырылуы;



Заңмен нақты шектелген Азаматтық кодекспен, өзге де заңнамалық актілермен немесе құрылтай құжаттарымен айқындалған қызмет мақсаттарына қайшы немесе оның органының жарғылық құзыретін бұза отырып заңды тұлғаның мәміле жасасуы.

3. Сақтандыру тәуекелдерінің нақты тізбесі тараптардың келісімі бойынша айқындалады.

5-бап. Сақтандыру жағдайларынан шығарып алулар және сақтандыруды шектеу

1. Меншік құқығынан айырылу мына жағдайларда сақтандыру жағдайы деп танылмайды:

- 1) меншік иесінің сақтандырылған мүлікті иеліктен шығаруы;
- 2) меншік иесінің сақтандырылған мүлікке меншік құқығынан бас тартуы;
- 3) сақтандырылған мүліктің жоғалуы, зақымдануы немесе жойылуы;
- 4) Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 249-бабы 2-тармағының 1-6-тармақшаларында көзделген жағдайлар.

2. Сақтандырылған мүліктің мына салдарынан меншік құқығын жоғалту нәтижесінде жоғалуы сақтандыру жағдайы деп танылмайды:

- 1) соғыс; басып кіру; шет мемлекеттің жау іс-қимылдары; әскери немесе оларға ұқсас операциялар (соғыс жарияланса да, жарияланбаса да) немесе азамат соғысы;
- 2) бүлік; ереуіл; локаут; халық көтерілісіне ұласатын немесе ұласып кеткен азаматтық тәртіпсіздіктер; қозғалыс; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; билікті әскери жолмен тартып алу немесе басып алу; тәркілеу; реквизиция немесе мүлікті ұлттандыру; кез келген ұйым атынан немесе бірлесіп жасалған терроризм актілері¹;
- 3) радиоактивті сәуле шығару немесе атомдық отынды жағудан болған радиоактивті отынмен немесе радиоактивті қалдықтармен ластану;
- 4) Сақтанушының немесе басқа мүдделі тараптың, оның қызметкерлерінің, агенттерінің немесе мүлік берілуі мүмкін кез келген тұлғалардың адалсыздығы немесе кез келген адал емес іс-қимылы;
- 5) Сақтанушының немесе өзге мүдделі тұлғалардың немесе олардың қызметкерлерінің сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал еткен қасақана іс-қимылдары, қажетті қорғаныс пен аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-қимылдардан басқа;
- 6) Сақтанушының сақтандыру оқиғасымен тікелей себеп-салдар байланысында болатын қылмыс жасауы;
- 7) Сақтанушының алкогольдік, токсикалық немесе есірткілік масаю күйінде, сондай-ақ өз іс-қимылдарының мәнін түсінбеген немесе оларды басқара алмаған күйдегі іс-қимылдары (әрекетсіздігі);
- 8) тиісті дағдылар мен арнайы рұқсаттарды қажет ететін Сақтанушының іс-қимылдары, егер олар белгіленген құжаттармен расталмаса.

3. Сақтандыру жағдайларынан шығарып алулардың нақты тізбесі тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартында айқындалады.

4. Осы Ережелер бойынша Сақтанушыға тек тікелей мүліктік зиян ғана өтелуге жатады.

5. Сақтандыру шартында өзгеше ескертілмесе, Сақтандырушы мыналар үшін сақтандыру төлемін жүргізбейді:

- 1) Сақтанушының немесе үшінші тұлғаның жанама коммерциялық шығындары, шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т.с.с.), жіберілген пайда нысанындағы шығындар;
- 2) моральдік зиян;
- 3) сот және сараптамалық шығыстар.

6. Сақтандырушы мына жағдайларда сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуға міндетті:

– Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында

¹«Терроризм актісі» – терроризм мақсаттарына қол жеткізуге және терроризм сипатындағы өзге де қылмыстар жасауға бағытталған іс-қимылдардың жиынтығы

жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруының таралуын қаржыландырумен байланысты тізбеде (бұдан әрі – ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы;

– Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның тиісті тексеру жүргізу үшін Сақтандырушының сұрауы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;

– ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалды деп есептеуге негіздер болған кезде.

6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

1. Сақтандыру сомасы Сақтанушы мен Сақтандырушының келісімімен айқындалады.
2. Сақтандыру сомасы Сақтандыру шартын жасасу күніндегі оның орналасқан жеріндегі сақтандырылатын мүліктің нақты құнынан аспауы тиіс. Сақтандыру Сақтанушының негізсіз байыуының көзіне айналмауы тиіс.
3. Сақтандырылған мүліктің нақты құны осы жергілікті жердегі ұқсас мүлікті сол пайдалану-техникалық жай-күйде тозуын шегере отырып салудың (өндірудің) құнынан немесе осы жергілікті жердегі оны сатып алу құнынан (нарықтық құн) шыға отырып айқындалады.
4. Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандырылған мүліктің нақты құны, Сақтандырушы Шарт жасасқанға дейін сақтандыру тәуекелін бағалау құқығын пайдаланбай, Сақтанушы оны осы құн туралы әдейі адастырған жағдайды қоспағанда, кейіннен даулануы мүмкін емес.
5. Егер Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы атаған сақтандыру сомасы сақтандырылған мүліктің нақты құнынан аз болып шықса, басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасының сақтандырылған мүліктің нақты құнына қатынасымен бір мөлшерде айқындалады. Сақтандыру сомасының сақтандырылған мүліктің нақты құнына сәйкестігі барлық Сақтандыру шарты бойынша немесе жекелеген сақтандырылған мүлік бойынша айқындалады.

7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы

1. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартымен белгіленеді және Сақтанушының Сақтандыру шартымен айқындалған сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдауы үшін Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасын білдіреді.
2. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын сақтандыру сыйлықақысының ставкасын айқындайтын сақтандыру тарифтері бойынша есептеледі.
3. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушымен толық немесе мерзімді сақтандыру жарналары нысанында бөліп төленуге жатады.

8-бап. Франшиза

1. Франшиза – сақтандыру шарттарымен көзделген, Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын зиянды өтеуден босату.
2. Франшиза шартты (шегерілмейтін) және сөзсіз (шегерілетін) болады.
 - 1) Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы белгіленген франшиза мөлшерінен аспайтын зиянды өтеуден босатылады, бірақ оның мөлшері осы сомадан асса зиянды толық өтеуге тиіс.
 - 2) Сөзсіз франшиза кезінде зиян барлық жағдайда белгіленген соманы шегере отырып өтеледі.
3. Франшиза сақтандыру сомасынан пайыздармен немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді.
4. Франшиза мөлшері тараптардың келісімімен белгіленеді және әрбір нақты жағдай үшін жеке ескеріледі.

9-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

1. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын белгіленген нысандағы Сақтанушының жазбаша өтінімі (1-қосымша) негізінде жасалады. Өтінімде

Сақтанушы Сақтандырушы қойған сұрақтарға сәйкес дәл және толық мәліметтер көрсетуге міндетті.

2. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға белгілі мән-жайлар туралы, атап айтқанда, хабарлауға міндетті:

- сақтандырылған мүлікке қатысты үшінші тұлғалар тарапынан болған талаптар туралы;
- оған қойылған талап-арыз туралы.

3. Сақтандыру шартын жасасу туралы өтінімге Сақтанушы мыналарды тіркеуге тиіс: сақтандырылатын мүлікке меншік құқығын белгілейтін құжаттар (меншік құқығы туралы куәлік, сатып алу-сату, сыйға тарту және т.б. шарт; сот шешімі, тиісті органның өкімі және т.б. – сақтандырылған мүліктің түріне қарай), мүліктің техникалық және пайдалану жай-күйі туралы құжаттар (қаржылық-жеке шот, құны туралы анықтама, жер учаскесінің жоспары, техникалық паспорт және т.б. – мүліктің түріне қарай), сақтандырылатын мүлікке меншік құқығының пайда болуы мен ауысуын куәландыратын құжаттар (үй кітабынан үзінділер, меншік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік және т.б. – сақтандыру затының түріне қарай).

4. Сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтандырушы Сақтанушыдан сақтандыру тәуекелін сипаттайтын қосымша құжаттар талап ете алады.

5. Сақтанушы Сақтандырушының жазбаша сұрауларына берілген жауаптарды қоса алғанда, Сақтандыру шартын жасасуға ұсынылған деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапты болады.

6. Сақтандырушы Сақтандыру шартын жасасқанға дейін сақтандыру тәуекелін бағалау бойынша сақтанудан бұрынғы зерттеу жүргізуге құқылы, ол мыналарды қамтиды:

- заңдық (құқықтық) зерттеу;
- сақтандырылатын мүлікпен жасалатын мәміленің сипаты мен мотивтері, мәміле тараптары туралы қосымша мәліметтер алу;
- сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын, сақтандыру мерзімін және жауапкершілік мөлшерін ескере отырып алынған барлық ақпаратты жан-жақты талдау.

7. Сақтандыру шарты тараптардың бір құжат жасасуы немесе Сақтандырушының Сақтанушыға белгіленген нысандағы сақтандыру полисін беруі жолымен (2, 3-қосымшалар) жазбаша нысанда жасалады.

8. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы Шартта көрсетілген сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

9. Сақтандыру шарты мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
- 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және тұрғылықты жері (жеке тұлға болған жағдайда) немесе атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (заңды тұлға болған жағдайда); сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәліктегі құжатта көрсетілген жағдайда), байланыс телефон нөмірі және жеке сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлға болған жағдайда) немесе атауы, орналасқан жері, байланыс телефон нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлға болған жағдайда);
- 3) сақтандыру объектісінің нұсқаулығы;
- 4) сақтандыру жағдайының нұсқаулығы;
- 5) сақтандыру сомасының мөлшерлері, сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері;
- 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлері, оларды төлеудің тәртібі мен мерзімдері; сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының болуы немесе болмауы туралы нұсқау;
- 7) сақтандыру полисін жасасу күні, оның және сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі;
- 8) олар сақтандыру қатынасының қатысушылары болған жағдайда сақтандырылған тұлға мен пайда алушы туралы нұсқаулар;
- 9) сақтандыру полисінің нөмірі, сериясы;



- 10) сақтандыру полисі шарттарына өзгерістер енгізудің жағдайлары мен тәртібі; сақтанушының сақтандырушыға мүлікті сақтандыру шарты бойынша шарт жасалған кезде сақтандырушыға мәлімделген жағдайлардағы елеулі өзгерістер туралы дереу хабарлау міндеттемесі, егер бұл өзгерістер шарт қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің артуына елеулі ықпал ете алса (ҚР АҚ 834-бабының 1-тармағы);
- 11) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валюта түрі;
- 12) сақтанушының сәйкестендіру нөмірі, резиденттік белгісі және экономика секторы;
- 13) егер сақтандырылған тұлға (пайда алушы) сақтандыру шарты бойынша сақтанушы болып табылмаса және сақтандыру шартында сақтандырылған тұлға (пайда алушы) көрсетілген жағдайда, сақтандырылған тұлғаның (пайда алушының) сәйкестендіру нөмірі, резиденттік белгісі және экономика секторы.

10-бап. Қосарлы сақтандыру

1. Қосарлы сақтандыру – бір объектіні бірнеше Сақтандырушыда әрқайсысымен жеке Шарт бойынша сақтандыру.
2. Қосарлы мүліктік сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен жасасқан Шарт шегінде жауапты болады, алайда барлық Сақтандырушылардан Сақтанушы немесе Пайда алушы алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты зияннан аспауы мүмкін.
3. Қосарлы сақтандыру кезінде сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға өзге сақтандыру компанияларында сақтандыру төлемі мәселесін реттеуге қатысты барлық мәліметтерді, оның ішінде өзге сақтандыру компанияларынан алынған сақтандыру төлемдерінің мөлшері туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.
4. Қосарлы сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайы белгілерін иеленетін оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтауға, сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп айқындауға құқылы.

11-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

1. Сақтандыру шарты бөліп төлеу кезінде бірінші сақтандыру жарнасы төленген сәттен бастап Сақтандырушының Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады, Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе.
2. Сақтандыру шарты кез келген мерзімге жасалуы мүмкін. Шарт бір жылдан аз мерзімге жасалған кезде сақтандыру сыйлықақысы жылдық сыйлықақының мына мөлшерлерінде белгіленеді:

Мерзім	1-ден 2 айға дейін	2-ден 3 айға дейін	3-тен 4 айға дейін	4-тен 5 айға дейін	5-тен 6 айға дейін	6-дан 7 айға дейін	7-ден 8 айға дейін	8-ден 9 айға дейін	9-дан 10 айға дейін	10- нан 11 айға дейін
Сақтандыру сыйлықақысынан %	25	40	50	60	70	75	80	85	90	95

3. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, бірінші болған жағдай бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру сәтінен бастап қолданылуын тоқтатады.
4. Сақтандыру қорғанысының кезеңі Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
5. Сақтандырушы мүлікті жоғалтуды сот шешімі нәтижесінде сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі ішінде де, аяқталғаннан кейін де, егер сақтандырылған мүлікке қатысты талап-арыз мәлімделсе және Сақтандырушы олар туралы хабардар болса, сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

6. Осы Ережелерге сәйкес Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру территориясы) – Сақтандыру шартында көрсетілген территорияға ғана таратылады.

12-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушы мынаған құқылы:
 - 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат талап ету;
 - 2) сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандыру төлемін алу;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге іс-қимылдар жасау.
2. Сақтанушы мынаған міндетті:
 1. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалауда және Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауында елеулі маңызы бар, белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлау;
 2. Сақтандырушы талап ететін, сақтандырудан бұрынғы зерттеу жүргізуге қажетті барлық құжаттарды ұсыну;
 3. өзге сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын мүлікті сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлау;
 - 4) Сақтандыру шартымен белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеу;
 - 5) Сақтандыру шарты қолданылу кезеңінде Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы дереу хабардар ету;
 - 6) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабардар ету;
 - 7) зиян келтіру мүмкіндігін азайту үшін сақтық шараларын қолдану; сақтандыру жағдайы белгілерін иеленетін оқиға басталғанда осы Ережелердің 14-бабының 2-тармағында көрсетілген барлық қажетті іс-қимылдарды жасау;
 - 8) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы пікір қалыптастыруға мүмкіндік беретін барлық ақпаратты ұсыну;
 - 9) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қоятын талап ету құқығының өтуін қамтамасыз ету;
 - 10) Сақтандыру шартының шарттары мен сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдерінің мөлшерлері туралы құпиялылықты сақтау;
 - 11) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін жинауы мен өңдеуіне, дербес деректерді шетелге беруді қоса алғанда, берілуіне келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтау қажеттілігі болмағанша айқындайды және 10 жылды құрайды.
 - 12) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базалары мен картотекаларда, үшінші тұлғаларға деректер берілуін қоса алғанда, дербес деректерін таратуға келісімін растайды.
 - 13) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) дербес деректерді шетелге беруге, сондай-ақ жалпыға қолжетімді деректер көздерінде таратуға берілген келісімді қоса алғанда, Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне жазбаша келісімді алуға міндетті.
 - 14) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның дербес деректерін өңдеуіне келісімінің болмағаны үшін, дербес деректерді шетелге беруге және жалпыға қолжетімді деректер көздерінде таратуға, үшінші тұлғаларға деректер берілуіне келісімнің болмаған жағдайларды қоса алғанда, жауапты болады.
 - 15) Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды:



- атауы (тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәліктегі құжатта көрсетілген жағдайда))
 - бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі)
 - субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәліктегі құжатта көрсетілген жағдайда);
 - дербес деректерді жинауға, өңдеуге берілген келісімнің қолданылу мерзімі немесе кезеңі;
 - операторда дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігінің бар немесе жоқ екені туралы мәліметтер;
 - оларды өңдеу барысында дербес деректерді шетелге берудің бар немесе жоқ екені туралы мәліметтер;
 - жалпыға қолжетімді көздерде дербес деректерді тарату туралы мәліметтер;
 - дербес деректер субъектісімен байланысты жиналатын деректер тізбесі.
- 16) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де деректер базалары мен картотекаларда, әлеуметтік желілерде, Интернет-ресурстарда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының мобильді қосымшаларында, сондай-ақ олардың серіктестерінің Интернет-ресурстарында, мобильді қосымшаларда, әлеуметтік желілерде сақталатын дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауы мен өңдеуіне келісімін растайды.
- 3. Сақтандырушы мынаған құқылы:**
- 1) ұсынылатын ақпарат пен құжаттарды тексеру;
 - 2) сақтандыру тәуекелін бағалау бойынша сақтандырудан бұрынғы зерттеу жүргізу;
 - 3) сақтандыру жағдайы белгілерін иеленетін оқиғаның себептері мен мән-жайларын, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау жіберу арқылы дербес анықтау;
 - 4) Сақтанушыдан немесе сақтандырылған тұлғадан сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау мән-жайларын белгілеуге қажетті ақпаратты талап ету;
 - 5) заңмен белгіленген тәртіппен Сақтанушыға қойылатын талаптардың мөлшерін даулау;
 - 6) Сақтанушының немесе оның уәкілетті тұлғасының қасақана немесе өрескел абайсыздық жасауы, сондай-ақ Сақтанушының Сақтандыру шарты шарттарын орындамауы не оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымауы жағдайларында Сақтанушыны (Сақтандырылған тұлғаны / Пайда алушыны) жазбаша хабардар ете отырып сақтандыру төлемін жүргізуден бас тарту;
 - 7) Сақтанушының сақтандыру жағдайы белгілерін иеленетін және/немесе салдарынан сақтандыру жағдайы болуы мүмкін оқиға туралы 3 жұмыс күнінде (мереке және демалыс күндерін қоспағанда) хабарламауы жағдайында, оның ішінде үшінші тұлғалар тарапынан сақтандырылған мүлікке талаптар (талап-арыз) қойылуы жағдайында сақтандыру төлемін жүргізуден бас тарту;
 - 8) тәуекелдің туындауына ықпал ететін мән-жайлардың болуын кез келген қолайлы уақытта тексеру және инспекциялау;
 - 9) тәуекел дәрежесінің артуы жағдайында Сақтандыру шарты шарттарын өзгертуді немесе тәуекелдің артуына сай қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап ету;
 - 10) Сақтанушының немесе Сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру шарты шарттарын бұзуы жағдайында Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 11) Сақтандыру шартын жасасу кезінде де, сақтандыру жағдайының салдары болуы мүмкін оқиға болғаннан кейін де Сақтанушының сақтандырылған мүлкін қарап-тексеру;
 - 12) Сақтанушыдан клиенттерді тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды талап ету;
 - 13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге іс-қимылдар жасау.
- 4. Сақтандырушы мынаған міндетті:**
- 1) Сақтанушыны осы Ережелермен таныстыру;
 - 2) оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану туралы шешім қабылдауға және сақтандыру төлемін жүзеге асыруға ұсынуға қажетті құжаттар тізбесін хабарлау;



- 3) Сақтанушы (Пайда алушы) барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 10 күн ішінде оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану немесе танымау туралы шешім қабылдау, бұл туралы хабарлау. Ұсынылған құжаттарды тексеру қажет болған жағдайда көрсетілген мерзім ұзартылуы мүмкін.
- 4) оқиғаны сақтандыру жағдайы деп таныған жағдайда тараптардың келісімімен айқындалған мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізу;
- 5) сақтандыру жағдайы кезінде шығынды азайту мақсатында Сақтанушы жасаған орынды және мақсатқа сай шығыстарды өтеу;
- 6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету.
- 7) мына жағдайларда сақтандыру төлемін жүргізуден бас тарту:
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруының таралуын қаржыландырумен байланысты тізбеде (ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы;
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның тиісті тексеру жүргізу үшін Сақтандырушының сұрауы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалды деп есептеуге негіздер болған кезде.
5. Осы бөлімнің тараптар құқықтары мен міндеттерінің тізбесі толық емес, тараптардың жекелеген міндеттері осы Ережелердің басқа бөлімдерімен көзделген және Сақтандыру шартында кеңейтілуі мүмкін.

13-бап. Сақтандыру шарты қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің артуының салдары

1. Сақтандыру шарты қолданылу кезеңінде Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға мәлімделген мән-жайлардағы, сақтандыру тәуекелінің артуына елеулі ықпал ете алатын елеулі өзгерістер туралы дереу жазбаша хабарлауға міндетті.
2. Елеулі өзгерістер мыналар болуы мүмкін:
 - 1) мүлікті жалға беру, лизинг, жалдау, кепіл және өзге де ауыртпалыққа беру;
 - 2) үшінші тұлғалар тарапынан сақтандырылған мүлікке кез келген ауыртпалық салу.Сақтандыру шартында сақтандыру тәуекелінің артуына ықпал ететін өзге де елеулі өзгерістер ескертілуі мүмкін.
3. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкелетін мән-жайлар туралы хабардар болған Сақтандырушы Сақтандыру шарты шарттарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің артуымен сай қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.
4. Сақтанушы Сақтандыру шарты шарттарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын доплатауға қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі Сақтандыру шартымен белгіленеді.
5. Сақтанушы осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті орындамаған жағдайда, Сақтандырушы Шартты бұзуды және Шарттың бұзылуымен келтірілген шығынды өтеуді талап етуге құқылы.
6. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкелетін мән-жайлар жоғалса, Сақтандырушы Шартты бұзуды талап ете алмайды.

14-бап. Сақтандыру жағдайы басталғандағы Сақтанушының іс-қимылдары

1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген зиянды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.
2. Сақтандыру жағдайы белгілерін иеленетін және/немесе салдарынан сақтандыру жағдайы болуы мүмкін кез келген оқиға болғанда, оның ішінде үшінші тұлғалар тарапынан сақтандырылған мүлікке талаптар (талап-арыз) қойылғанда, Сақтанушы мынаған міндетті:



- 1) 3 (үш) күнден аспайтын мерзімде (мереке және демалыс күндерін қоспағанда) хабарламаның жіберілген күнін анықтауға мүмкіндік беретін тәсілмен Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы белгілерін иеленетін және/немесе салдарынан сақтандыру жағдайы туындауы мүмкін кез келген оқиға туралы (үшінші тұлғалар тарапынан болған талаптар, сотқа шақыру, талап-арыз, қылмыстық іс қозғауға ниет пен негіздердің болуы және т.б.) хабарлауға және Сақтандырушыны іске қатысқан барлық тұлғалардың, оның ішінде талапкерлердің есімдері, атаулары мен мекенжайларын қоса алғанда, осы оқиғаға байланысты барлық мән-жайлар бойынша барлық қажетті ақпарат пен құжаттамамен қамтамасыз етуге;
 - 2) дауды сотта реттеу кезінде Сақтандырушының сот шешімі шығарылғанға дейін іске «Дербес талаптар мәлімдемейтін үшінші тұлға» ретінде кіруіне кедергі жасамауға, сондай-ақ Сақтандырушыны іске «Дербес талаптар мәлімдемейтін үшінші тұлға» ретінде тарту туралы сотқа өтінішхат беруге;
 - 3) сот ісін жүргізу барысында Сақтандырушымен алдын ала келісусіз сақтандыру заты бойынша қаралатын іс мәні бойынша кез келген іс-қимыл жасамауға, мәлімдеме жасамауға;
 - 4) сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап (сот шешімінің заңды күшіне енуінен) 10 (он) күн ішінде осы Ережелердің 15-бабының 2-тармағында көрсетілген құжаттар тіркелген сақтандыру жағдайының басталуы туралы мәлімдеме нысанында Сақтандырушыға хабарлауға.
- 3. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламау оған, Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуы туралы уақтылы хабардар болғаны немесе Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне ықпал ете алмайтыны дәлелденбесе, сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуға құқық береді.**
- 4. Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы іс-қимылдар жасамауға, сондай-ақ Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз осы сақтандыру жағдайына қатысты кез келген міндеттемелер қабылдамауға, жауапкершілікті мойындамауға, кез келген ұсыныстарды қабылдамауға, төлемдер жасамауға және кез келген төлемдер жасауды уәде бермеуге міндетті.**
- 5. Сақтанушы Сақтандырушыға (соңғысының талабы бойынша) дауды сотқа дейін және сот тәртібімен реттеу кезінде Сақтанушының өкілеттіктерін беруге құқылы.**
- 6. Сақтандырушы Сақтанушының келісімімен оның құқықтарын қорғауды өз мойнына алуға және сақтандырылған мүлікке меншік құқығына қатысты дауды реттеу бойынша барлық іс-қимылдар жүргізуге, сондай-ақ Сақтанушы атынан сотта сөйлеуге құқылы.**

15-бап. Сақтандыру жағдайының басталуын және зиянның мөлшерін растайтын құжаттар тізбесі

- 1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап Сақтанушымен (Сақтандырылған тұлғалармен) немесе жәбірленушілермен тиісті талапты негіздейтін құжаттар тіркеле отырып жазбаша нысанда беріледі.**
- 2. Сақтандыру жағдайының басталуын және зиянның мөлшерін растайтын құжаттар болып мыналар табылады: Сақтандыру шарты немесе сақтандыру полисі, талап-арыз, заңды күшіне енген соттың анықтамалары мен шешімдері, сақтандырылған мүлікке арест салуды алып тастау туралы анықтамалар.**
- 3. Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны соңғы құжатты алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде бұл туралы хабардар етеді.**

16-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары

- 1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайы болуы мүмкін оқиға туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін Сақтандырушы мына іс-қимылдарды жүзеге асырады:**
 - сақтандыру жағдайы болуы мүмкін оқиғаның болу фактісін белгілеу;
 - Сақтанушы өтінімінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексеру;
 - оқиғаның туындау фактісі мен себептерін айқындау;

- «Дербес талаптар мәлімдемейтін үшінші тұлға» ретінде немесе Сақтанушының өкілі ретінде сотқа қатысу;
- мүлікті иеліктен шығару туралы не сатып алу-сату мәмілесін осы Ережелердің 4-бабының 2-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жарамсыз деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.
- 2.** Сақтандыру төлемі Сақтандырушымен Сақтанушының төлем туралы жазбаша өтінімі, Сақтанушы ұсынған құжаттар және сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүргізіледі.
- 3.** Сақтандыру жағдайы туралы актіні Сақтандырушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасайды. Қажет болған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға құқылы.
- 4.** Сақтандыру төлемі нақты зиян мөлшерінде франшизаны, сондай-ақ Сақтандырушы жұмсаған сот және сараптама шығыстарын шегере отырып, бірақ сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жүргізіледі, Сақтандырушы жүктелуге жататын зиянды болдырмау немесе азайту мақсатында жұмсалған шығыстарды қоспағанда.
- 5.** Сақтанушы сақтандыру жағдайы кезінде зиянды болдырмау немесе азайту мақсатында жұмсаған шығыстар Сақтандырушымен өтелуге жатады, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалса, тіпті тиісті шаралар нәтиже бермесе де.
- 6.** Мұндай шығыстар нақты мөлшерінде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстарды өтеудің жалпы сомасы Сақтандыру шартымен көзделген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығыстар Сақтанушының Сақтандырушының нұсқауларын орындауынан туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.
- 7.** Сақтандырушы Сақтанушы ықтимал зиянды азайту үшін қолжетімді ақылға қонымды шаралар қабылдамаған жағдайда пайда болған зиян бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

17-бап. Сақтандыру төлемі туралы немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

- 1.** Сақтандырушы сақтандыру төлемі немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдауға қажетті барлық құжаттарды алғаннан кейін он күндік мерзімде немесе тараптар келісімімен айқындалған мерзімде сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Сақтанушыға (Пайда алушыға) жазбаша нысанда хабарлайды. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, бас тарту себебін дәлелді негіздейді.
- 2.** Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдағаннан кейін он күндік мерзімде немесе тараптар келісімімен айқындалған мерзімде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
- 3.** Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапкершілік көтереді.
- 4.** Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуы Сақтанушы (Пайда алушы) тарапынан сотта шағымдануы мүмкін.
- 5.** Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуының негізі мыналар болуы мүмкін:
- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы заведомо жалған мәліметтер хабарлауы;
 - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған зиянды азайту шараларын қасақана қабылдамауы;
 - 3) Сақтанушының зиянды тартуға кінәлі тұлғадан тиісті шығынды өтемді алуы;
 - 4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тергеуде және келтірілген зиянның мөлшерін белгілеуде кедергі жасауы;
 - 5) Сақтанушының Сақтандырушының іске «Дербес талаптар мәлімдемейтін үшінші тұлға» ретінде кіру құқығына кедергі жасауы;

- б) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қоятын талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға Сақтанушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы.
6. Сақтандырушы сақтандырылған мүлікке қатысты мән-жайлар бойынша тергеу жүргізіліп жатқан Сақтанушыға (Пайда алушыға) немесе оның уәкілетті тұлғаларына қарсы құқық қорғау органдары қылмыстық іс қозғаған жағдайда, алдын ала тергеу кезеңінде іс тоқтатылғанша немесе Сақтанушыға (Пайда алушыға) ақтаушы үкім шыққанша, сондай-ақ ҚР қылмыстық заңнамасына сәйкес Сақтанушының (Пайда алушының) іс-қимылдарының заңға қайшы еместігін көрсететін өзге мән-жайлар басталғанша сақтандыру төлемін кейінге қалдыруы мүмкін.
- Сақтандыру төлемі жоғары тұрған соттар бастапқы соттың қаулысын қайта қараған жағдайда да кейінге қалдырылады.

18-бап. Сақтандырушыға Сақтанушының зиянды өтему бойынша құқықтарының ауысуы (суброгация)

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру нәтижесінде өтелген зиянға жауапты тұлғаға қоятын талап ету құқығы өтеді.
2. Сақтандырылған тұлға сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдерді беруге және зиянға жауапты тұлғаға Сақтандырушыда туындаған талап ету құқығын жүзеге асыруға қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
3. Сақтандырылған тұлға Сақтандырушы өтеген зиянға жауапты тұлғаға қоятын талап ету құқығынан бас тартса немесе Сақтандырылған тұлғаның кінәсі бойынша бұл құқықты жүзеге асыру мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе тиісті бөлігінде босатылады және артық төленген сомаларды қайтаруды талап етуге құқылы.

19-бап. Сақтандыру шартын тоқтату шарттары

1. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, бірінші болған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру сәтінен бастап қолданылуын тоқтатады.
2. Сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, сақтандыру шарты мына жағдайларда қолданылуын тоқтатады:
 - 1) сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;
 - 2) Сақтанушы – заңды тұлғаның таратылуы немесе Сақтанушы – жеке тұлғаның қайтыс болуы, егер Сақтандырылған тұлға сақтандыру жарналарын төлеу бойынша Сақтанушының міндеттерін өз мойнына алмаса;
 - 3) Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен таратылуы;
 - 4) соттың сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім шығаруы;
 - 5) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген өзге жағдайлар.
3. Тараптар сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шартының болжамды тоқтатылу күнінен кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын бір-бірін хабардар етуге міндетті.
4. Сақтандыру шарты мына мән-жайлардың бірінен туындаған себептермен мерзімінен бұрын тоқтатылса:
 - 1) сақтандыру объектісінің жоғалуы;
 - 2) Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы, оның орнын ауыстыру орын алмаған кезде;
 - 3) Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, ал шартта өзгеше белгіленбесе, Сақтанушының сақтандыру объектісін иеліктен шығаруы;
 - 4) сақтандыру жағдайының болу мүмкіндігі жоғалса және сақтандыру жағдайынан өзгеше мән-жайлар бойынша сақтандыру тәуекелінің болуы тоқтаса;

- 5) Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі немесе уәкілетті мемлекеттік органның Сақтандырушыны ерікті тарату рұқсатын беру туралы таратылу шешімінің күшіне енуі,

шарт осы тармақта сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге міндетті.

Бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқылы.

5. Сақтанушы осы баптың 3-тармағында көрсетілген мән-жайлармен байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, қайтаруға жатпайды.

6. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушының кінәсімен оның шарттарын орындамаудан туындаған жағдайларда, Сақтандырушы Сақтанушыға оның төлеген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық мөлшерде қайтаруға міндетті.

20-бап. Қосымша шарттар

1. Сақтандыру ережелерінің шарттарына өзгерістер енгізу қажет болған жағдайда, өзгерістер Сақтандырушының уәкілетті органымен келісілуі тиіс.

2. Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға бере алмайды.

3. Сақтанушының сақтандыру полисін жасасу жолымен осы Сақтандыру ережелеріне қосылуымен Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауы мен өңдеуіне, қайта сақтандыру шартын жасасу кезіндегі дербес деректерді беруді қоса алғанда, келісін растайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның немесе үшінші тұлғаның Шарт шарттарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау, сондай-ақ Сақтандырушының қызмет мақсаттарын жалпы іске асыру үшін жүзеге асырылады.

4. Сақтандыру полисін жасасумен Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін жинауға, сақтауға және өңдеуге, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруді қоса алғанда, келісін растайды.

5. Сақтандыру полисін жасасумен Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан сақтандыру шартын жасасуға, сондай-ақ Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның дербес деректерін өңдеуіне, дербес деректерді шетелге беруге берілген келісімді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаны ауыстыруға жазбаша келісімді алғанын растайды.

6. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (тұлғалардың) Шартты жасасуға келісін алғанын растайды. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаны (тұлғаларды) ауыстыруға құқылы, бұл ретте Сақтандырылған тұлғаның (тұлғалардың) ауыстыруға келісімі талап етілмейді.

7. Шартпен тікелей немесе жанама түрде мынадай оқиғалар кезінде туындаған жауапкершілік сақтандырылмайды:

1) соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бейбітшілікті сақтау акцияларында, кез келген қарама-қарсылықтарда, толқуларда, жаппай бүліктерде, революцияларда, төңкерістерде, билікті жұлып алуда, оккупацияларда, интервенцияларда және кез келген осыған ұқсас іс-қимылдарда пайдаланылуға арналған немесе қолданылған кез келген зымырандар, снарядтар, миналар, торпедалар, бомбалар, жаппай қырып-жою қарулары және өзге де орудиялар/құралдар, машиналар, кемелер/өзге де жүзу құралдары, техника, дрондар, роботтар, техникалық құралдар, жабдықтардың кез келген ықпалы;

2) соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бейбітшілікті сақтау акцияларында, кез келген қарама-қарсылықтарда, толқуларда, жаппай бүліктерде, революцияларда, төңкерістерде, билікті жұлып алуда, оккупацияларда, интервенцияларда және кез келген осыған ұқсас іс-қимылдарда немесе ондай іс-қимылдардан кейін қолданылуға арналған



немесе қалып қойған не зарарсыздандырылмаған жүзеге асырылмаған ұқсас әрекет құралдарының кез келген зымырандар, снарядтар, миналар, торпедалар, бомбалар, жаппай қырып-жою қарулары және өзге де орудиялар/құралдар, машиналар, кемелер/өзге де жүзу құралдары, техника, дрондар, роботтар, техникалық құралдар, жабдықтардың кез келген ықпалы.

8. Шартпен мына жағдайларда туындаған жауапкершілік сақтандырылмайды:

- 1) соғыс жарияланса да, жарияланбаса да, әскери іс-қимылдар;
- 2) мемлекеттік органдармен, әскери қызметшілермен, әскери міндеттілермен, жалдамалы әскерлермен, бейбіт сақтаушылармен жүзеге асырылатын кез келген арнайы операциялар, іс-шаралар, іс-қимылдар;
- 3) жаппай бүліктер, революциялар, қарама-қарсылықтар, толқулар, оккупациялар, интервенциялар, локаутсек, ереуілдер, митингілер;
- 4) терроризмге қарсы операциялар;
- 5) бейбітшілікті сақтау операциялары;
- 6) төтенше жағдай;
- 7) комендант сағаты;
- 8) әскери жағдай;
- 9) қозғалуды шектеу режимдері;
- 10) жаппай тонау, қарақшылық, ұрлық, хулиганизмнің болуы;

9. Шартпен мынадан туындаған шығын немесе жоғалту сақтандырылмайды:

- 1) кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығымен (әскери, азаматтық немесе іс жүзіндегі), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының сақтандырылған мүлікті тәркілеуі, ұлттандыруы, тартып алуы, ұстауы, тұтқындауы, жоюы, иемденуі, реквизициялауы немесе пайдалануы;
- 2) кез келген өзге де шарттарға қарамастан, Сақтандырушы Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға кез келген қамту, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі сауда немесе экономикалық санкциялар туралы кез келген қолданыстағы заңнамалық немесе өзге нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылатындықтан, сақтандыру шарты оқиғаларға таратылмайды және Сақтандырушы кез келген төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және кез келген қызметтер ұсынбайды.
10. Тараптар ОҒАС, Еуроодақ, Ұлыбритания санкциялары және/немесе Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе оларға нұқсан келтіретін іс-қимылдарға қатысты шектеулер Сақтанушыға, оның: аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, кеңесшілеріне, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Шартты Сақтанушыны жай жазбаша хабарлама жіберу жолымен бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы екендігімен келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтандыру шартында көрсетілген мекенжайға электрондық пошта немесе пошта арқылы Сақтанушыға хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылды деп есептеледі.
11. Тараптар Шарттың осы Ережелердің 10-тармағына сәйкес тоқтатылуынан кейін Сақтандырушы агенттік сыйақы шегерілген қолданылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін сақтандыру қорғанысының қолданылмаған кезеңіне пропорционалды түрде Шарттың тоқтатылу күнінен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынымен келіседі.
12. Тараптар ОҒАС, Еуроодақ, Ұлыбритания санкциялары және/немесе Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе оларға нұқсан келтіретін іс-қимылдарға қатысты шектеулер Сақтанушыға, оның: аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, кеңесшілеріне, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін туындаған оқиғаларды қоса алғанда, осы Шарт бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынымен келіседі.

13. Тараптар Шарттың осы баптың 10-тармағына сәйкес бір жақты тәртіппен бұзылуы кезінде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі жүргізілмеген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлемейтінімен және кез келген зияндарды өтемейтінімен келіседі.

21. Даулар шешу тәртібі

1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы (Пайда алушы) арасында туындайтын даулар тараптармен тікелей келіссөздер жолымен қаралады.
2. Тараптармен реттелмеген даулар Алматы қаласының соттарына қарауына беріледі: егер Шарт тарапы заңды тұлға болса, дау Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен қаралады, ал егер Шарт тарапы жеке тұлға болса, дау Алматы қаласының Алмалинский аудандық сотымен қаралады.